
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

ӘОЖ 923.2

С. ҚОЖАНҰЛЫНЫң ҰЛТ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Сайран ӘБУШӘРПҰЛЫ*

Түйіндеме

Мақалада қоғамның саяси жүйесінің мән-мағынасы анықталады, жер-территория, тіл, мәдениет, астана, мал шаруашылығы мен егіншілік, сондай-ақ білім беру жүйесі мемлекеттің іргетасы ретінде дәйектелінеді. Әсіресе, ұлттық мемлекет құрылмай елдің және үкіметтің ісі онды шешілмейтіндігі Қожанов тараپынан атап етілген.

Қожанұлы мемлекетке негіз бола алғатын мал шаруашылығы және дікәншылыққа көніл бөлгенді жөн көрді. Мұны да бір мемлекет болудың жолы деп қарастырыды. Алайда, мемлекеттілікті қалыптастыру бағытында бұдан да маңызы бір кем емес фактор бар. Ол – мәдениет саласы, ағарту ісі, ұлттық кадрларды дайындау мәселесі. Мақала авторы мәдениет – тәуелсіздіктің тірекі, құралы, корғаны болғандықтан, ол халық денесінің өзінен өсіп шығуы керек деген Қожанұлының пікірімен Қазақстанның қазіргі жағдайын сабактастыра қарастырған.

Кітт сөздер: Мемлекетшілік, ана тілі, ұлттық мәдениет, дәстүр, жер-межелеу, кадр, астана.

Summary

In this article S.Kozhanuly the political organization of society is viewed, states about the factors which make up the base of the government. It displays the effects of the Bolsheviks' activities in Central Asia at the beginning of the XX c.

The article defines the political system of the society. Territory, language, culture, capital of the country, cattle-breeding and agriculture as well as education system serve as fundamental aspects of the government. Kozhanov highlights the idea that without building up national government the country's administrative issues will not have the proper solutions.

Kozhanuly states that the country's cattle-breeding and agriculture should be paid more attention. Those make up one the main ways in becoming a successful country. However, there is another important factor of the country development it includes culture, education and human recourses. The author relates to Kozhanuly's views about the culture as a corner-stone of the country's independence to the Kazakhstan's nowadays situation.

Keywords: statehood, native language, national culture, traditions and land demarcation, human resources, capital.

* философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызыметкері, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philosophy, Sc. Associate Professor., p. Fellow of the Research Institute of Turkology,Turkistan-Kazakhstan. E-mail: sairan_1943@mail.ru

«Саяси жүйе» ұғымының категориялық талдануы

Экономиканың саяси жағдайларға қарағандағы басымдылығы, әлеуметтік саясаттың табандылықпен жүргізілуі, қоғамның барлық салаларында заңнаманың үстемдік етуі, негізінен мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан реформалардың бірізділігінің қағидалары – мұның бәрі тәуелсіздік кезінде қалыптасып жатқан идеологияның негізін құрайды. Бірақ та, бұл принциптер біздің нақты мақсат-мұддемізге бағытталмаса және де саяси экономикалық реформалардың үдерістері халық тарапынан көнінен қолдау таппаса, жалаң саяси декларацияға айналып қалады. Сондықтан Н.Ә.Назарбаевтың «...біздің баршамыз ендігі жерде өз тағдырымыз, өз отбасымыз, өз дәuletіміз үшін өзіміз жауапты екенімізге өбден көз жеткіздік», – деген еді [1, 17].

Біздің алдымызға тарих қыын таңдау қажеттігін көлденең тартып отыр [1, 28]. Айта кету керек, бұл мәселенің шешімінің жолдары табылды да. Солардың бірі – қоғамның саяси жүйесін, мемлекеттік органдардың құрылымын түбекейлі жаңарту, республикалық және жергілікті өкіметтің өкілдіктері мен функцияларын ажырату болып табылады. Сондықтан қалыптасып келе жатқан жаңа саяси жүйенің мәнін теориялық-әдіснамалық түрғыдан пайымдамай тұрып, оны жаңарту, ендеше әлеуметтік өмірді жақсарту бағытында да бірде-бір практикалық қадамды жасауға болмайтыны белгілі жәйт.

Алайда, саяси жүйенің мазмұнын түсіну бойынша шетелдік әдебиетте де, отандық әдебиетте де әлдеқандай көпшілік тарапынан қабылданған тұғырлы ұстанымдар жоқ. Рас, соңғы жылдары көптеген әдістер мен келістер пайда болды. Бірақ олардың бірсынъясасы «саяси жүйе» категориясының шеңберін тым тарылтып жіберген. Сол себепті саяси жүйені биліктің, мәжбүрлеудің инструменті, құралы механизмі ретінде ғана түсіну де белен алған [3, 3]. Мұндай келісте «саяси жүйе» категориясы «мемлекет» ұғымының орнына қолданылатындығын түсіну қыын емес. Бұлай деудің жеткілікті логикалық негіздері жоқ. Саяси жүйені оның құрамдас бөліктерін көрсетумен анықтауға болады деген көзқарас та алға тартылуда [3,1041]. Бірақ, мұның бәрі мәселенің мәнін ашып бере алмайды. Сондықтан «саяси жүйе» ұғымының этимологиялық, формалды-логикалық және теориялық-методологиялық сияқты негіздерін қарастыру қажеттілігі туындаиды. Мұнда «саясат» ұғымын дәлме-дәл анықтау мәселесі бірінші орында тұруы керек.

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

Саясат – бұл белгілі бір әлеуметтік топтар, партиялар және мемлекеттердің мақсат-мүдделерін жүзеге асыру жолындағы қоғамдық өзара ықпалдастықтың айрықша түрі. Кез келген саяси қатынастар ең алдымен әлеуметтік қатынастар, яғни қоғамның белгілі бір топтары, ұлттар мен әлеуметтік топтар өкілдерінің, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттерінің қатынастары болып табылады. Саясаттың өзі қоғамдық іс-әрекеттің айрықша түрі ретінде көрінеді. Әрине, адамның іс-қызметі жүйе ретінде қарастырылатын болса, ол бір-бірінен ажырағысыз материалдық және рухани жүйешелерден құралатынын көреміз. Бұлар саясатта да көрініс береді, бірақ олар практикалық қатынастар мен идеологиядан тысқарыда бой көрсетеді деп ойлау қате болар еді. Сонымен бірге әр қандай практикалық қатынастарды саясатқа теле беруге болмайды. Сол сияқты кез келген таным «саясат» ұғымында бейнелене бермейді. Саяси іс-әрекетті бағдарлайтын саяси теория барлық оқиғаларды және олардан туындастын салдарды қамти алмайды. Ол саяси қайраткерлердің жеке басының қасиеттеріне де байланысты өрбиді [4, 491].

Демек, субъективті фактор саяси іс-әрекеттің негізгі бөлігі болып табылады. Соңдықтан да болар саясат, көбінесе басқарумен тәндестірледі. Бірақ, ықпал етудің нысанасы ретінде адам алынғандаған саясат жөнінде әнгімелеге болады. Бұл ретте басқарушы өзі атқаратын функциялары арқылы басқарылуышға әсер ететін жағдайды, яғни бірбағыттылық байланысты (бағыну) билік (өкімет) деп атау қабылданған. Яғни саясат пен билік арасына теңдік белгісін қоюға әуестік байқалады. Мұның өзі мәселені қарабайырландыру болып табылады. Саясат тек басқару тұрғысынанған қарастырылатын болса, соңғысын субъектінің объектіге әсер етуі деп анықтауға болады. Алайда, субъект пен объектінің арасындағы күрделі өзара ықпалдасу рөлінің КСРО ыдыраған кезде, ТМД елдерінің кейбіреулерінде жокқа шығарылғандығы белгілі.

Белгілі бір кезеңде басымдыққа ие болатын саяси институттарды құру мүмкіндігі туылады. Осыдан барып саясатты мемлекеттік биліктің жүзеге асырылуы ретінде түсіну белен алған.

Адамдың, әлеуметтік топтардың, партиялардың, мемлекеттік және басқалай саяси институттардың өзара әрекеттесуі; олардың бірін-бірінің анықтауы тұрғысынан қарастыру саяси жүйені әлеуметтік-философиялық талдауға жол ашады. Әрине, саясаттандырылған, әлеуметтік процестерді объективті қарастырудан мақұрым болған

теория практикалық және бірінші кезекте саяси өзгерістерді пайымдауда жарық жұлдыз рөлін атқаруға жарамсыз. Теория практиканың алдында тұруы керек. Мұнда, сана базистік структураларды жасауға қатыспайды деп айтуда болмайды. Сөз теория мен практиканың, саясат пен идеологияның өзара ықпалдасып, олардың бірін -бірінің анықтауы жөнінде өрбүі керек. Бұл ретте бүкіл саяси жүйенің іс-әрекеті тұлғага, оның мақсат-мұдделеріне қаратылуы ләзім. Егер жүйе ретіндегі қоғам жоғары деңгейде ұйымдасты болса, оның барлық элементтері өзара байланыста болып, тұтастай алғандағы қоғамды өзгерте отырып, өздерін де өзгеріске үшірата алады.

Саяси жүйенің негізгі жүйе құруышы факторы – саяси іс-қызмет

Саяси іс-қызметтің басты мәселесі – өкімет мәселесі. Коммунистік партия манифестінде жазылғанындей, саяси билік – бұл бір таптың басқа таптарды басып таставу үшін ұйымдастырылған зорлық-зомбылығы [5, 447] Демек, ұйымдастырылатын зорлық-зомбылықты саяси биліктің негізін құраған тап жүзеге асыруы керек. Мұндай анықтама бүтінгі күннің саяси практикасына сәйкес келе бермейді. Және саяси билік әрекетінің аумағын тарылтып жібереді.

Өмірде саяси және идеологиялық іс-әрекеттер бір-бірінен ажырамайтын бірлікте болады. Саяси іс-әрекетті «саяси белсенделілік» ұғымымен де тәнdestіріп болмайды. Әрине, белсенделіліктің өзі барлық материалдық жүйелерге тән қасиет. Іс-әрекеттің өзі белсенделілік сипатын алады. Белсенделіліктің арқасында адам өзінен бұрын өмір сүрген әулеттердің мәдениетін, белгілі бір білімдер қорын және ойлаудың категориялық құрылышын қабылдап алып отырады. Осылайша, ол іс-әрекеттің ең жалпылама түрлерін игереді. Сондықтан да әлеуметтік деңгейдегі белсенделілік іс-әрекеттің сипатын анықтап, сапалық нақтылық, белгілі бір бағыттылық пен таңдаушылық қасиетімен танылады. Белсенделілік қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейімен анықталып, белгілі бір қоғам, топ пен партияның мұдделерімен байланысты өрбиді. Белсенделіліктің қайнар көзі мен оған қозғау салатын мотивін адам өмірінің негізінде жатқан практикалық мұқтаждықтардан іздеу керек. Іс-әрекеттің ішкі себептері болып табылатын белсенделілік оның сандық өлшемін көрсетеді. Белсенделіліктің көлемі тұлғаның әлеуеті және мақсат-мұдделерімен сәйкес келеді.

Әрине, саяси және идеологиялық өзгерістердің барысындағы айырмашылықтарды байқамауға болмайды. Саяси өзгерістердің

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

нәтижесінде саяси жүйе, қатынастар және т.б. туындаиды, ал идеологиялық жұмыс барысында ұғымдар, категориялар, нормалар қалыптасады. Бұлардың сипаты субъекттің ерік-жігері мен мақсаты-мұратына байланысты болады.

Адам белсенді саяси іс-әрекеттің субъектісі мен объектісі болып табылады. Саяси іс-әрекет саяси жүйені де, адамды да қалыптастырады. Егер адам саяси ұйымдастық қоғамда өмір сүрсе, өзінің іс-әрекеті арқылы саясатқа тартыла береді. Егер саяси жүйе адамнан бастау алып, адамға бағытталса, адамға қызмет етсе, ондай жүйе тұрақты болып, дамудың жарқын болашағына жол ашылады.

Билік – саяси жүйенің негізгі атрибуты

Орыс тілінің сөздігі «білік» терминін түсіндірудің төрт вариантын береді:

1. Мемлекеттік басқару құқығы, саяси мемлекет
2. Мемлекеттік басқару органдары, үкімет.
3. Басқаларға өмір ету, оларды басқару құқығы мен мүмкіндігі.
4. Күш-қуат, ұstemдік ету.

Анықтамадағы үш пункт «білік» ұғымын «басқару» етістігімен тәндестьреді. Басқаша айтқанда, басқарусыз билік, билік статусынан мақұрым болып қалады. Бұл ретте «басқару» дегеніміз не және оның белгілі бір биліктің нығаюындағы объективті мүмкіндіктері қандай деген сұраққа жауап іздеу керек болады. Басқару ғылыминың деректері бойынша, басқару ұдерістерінің міндетті тұрдегі элементтері мыналар:

- 1) басқару арқылы қол жеткізілетін мақсат;
- 2) объект – мақсатқа жету жолында қолданылатын тетік;
- 3) субъект – басқару объектісіне ықпал ететін кісі;
- 4) субъекттің объектке ететін әсерінің әдісі;
- 5) алға қойған мақсатқа жету-нәтиже [5].

Әрине, билікті қолға алу жәй ғана мақсат емес. Билік – маңызды бір мақсатқа жеткізуіндің тетігі ғана болып табылады, яғни мақсат ұзақ өмір сүру ғана емес, жақсы өмір сүруді діттейді. Шынында, билік жүйесі мен қатынастары зорайып бара жатқан қысым-қияпта деп түсінілсе, онда қоғамның демократиялық қуатының бүкіл пафосы ең үлкен жауыздық ретіндегі зорлықшыларды жоюға қаратылуы мүмкін. Бірақ, энергия, көбінесе жауыздықтың өзіне емес, жауыздықтың субъектісіне – озбыршыға бағытталады. Алайда, алдыңғысының орнына келген кейінгі билік жүйесінің сол бұрынғы

күштеу, зәбір-жапа шектіру механизімінен бас тарта қоюына деген кепілдік бар ма? Зорлық-зомбылық – бұл себеп емес, биліктің белгілі бір типінің салдарыған. Билік қатнастарының жүйесін, оны қоректендіретін экономикалық, саяси, құқықтық, идеологиялық, моральдық, рухани тіреуіштерді түбекейлі өзгертпей тұрып мәжбүрлеу жүйесін жою мүмкін емес [5].

Посткапиталистік қоғам шешімін күтіп тұрған көптеген қайшылықтарға толы болды. Бірақ қандай тап, топ немесе тұлға билікті қолға алысымен одан өз ықтиярымен бас тартады?

Улken Совет энциклопедиясында билік – басқаларды өз еркіне бағындыра алатын, олардың әрекеттерін анықтай алатын мүмкіндігі бар авторитет делінген [6, 151]. Биліктің басқалай анықтамалары да бар. Бірақ оларда объективтің субъектке бағынуы идеясы басымдау.

Өз кезінде ежелгі грек тарихшысы Фукиид үндивидтің тәртібін анықтайтын бастау – билікке деген ерік-жігер деп жазған еді. Сол замандардан бері билікке құмар жандар, өздерінің үстемдігін басқаға жүргізе алатын әлдеқандай сырлы сапаға ие болған деп есептелініп келінген. Біреулер мұны «харизма», ал басқалары – «фактор икс» деп атайды.

Жалпы алғанда, саясаттану әдебиетінде туылғанынан бастап адам баласына басқаларды өзіне бағындыруға деген үмтүліс тән деген пікір айтылуда. Басқа бір көзқарасты үстанатындар адамдар табиғатынан бағынышты және бағындырушы қасиетке ие деп санайды. Бұл ретте билік табиғаты биологиялық сипат алған, ал билік феномені ішкі тұрлар күресінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Бірақ мұның, негізінен, терең әлеуметтік себептері бар. Әлеуметтанулық зерттеулердің көрсетіп отырғанындей, кез келген мемлекеттің көшілігін құрайтын халқы елдің басшысы ретінде «күшті де қажырлы адамды» көргісі келеді еken. Сондықтан индивидті билікке үмтүлдыратын күш лидердің жеке-дара үмтүлістары мен таланттарынан да құралады. Бұл күштің тағы бір белгісі және шарты – өздерінің үстінен билік жүргізетін адамды қалайтын адамдардың өмірде болуы шындықты.

Мәжбүрлеу белгілі бір қажеттіліктің жүзеге асырылуының тетігі болып табылады. Бұған қол жеткізу арқылы адам материалдық иғліктерге көбірек ие бола алады. Бірақ белсенді субъект босбелбеу объектке әсер ете берді. Объекттің де кері әсері болуы мүмкін. Сондықтан мәжбүрлеу мәжбүрленуші тараптың әрекетіне тап болады.

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

Бұл ретте билік қатынастарының табиғатын тек биологиялық немесе психологиялық түрғыдан қарастыру аздық етеді.

Біз билік қатынастары меншіктің түрлеріне, бөлініс қатынастары мен саяси күштердің құрылымы мен ара салмағына байланысты қалыптасады деп білеміз.

Саяси билік мемлекеттік құрылыштың, басқару жүйесінің қалыптасуы мен дамуының танымдық және идеологиялық жүйесін қалыптастырады. Сол себепті де саяси билік басқарудың күлпі әлеуметтік-саяси жүйесінің скелеті болып табылады. Тіпті, адамдардың әлеуметтік процестегі қатынастарын алайықшы, олар белгілі бір басқарусыз реттелінбек емес, мұның өзі биліктің биологиялық, мистикалық табиғаты туралы тезисті теріске шығарады. Осыдан барып, әлеуметтік-философиялық және саясаттанулық терең талдаудан тұратын кешенді қарастырудың қажеттілігі туындайды.

Мәжбүрлеу, әрине физикалық биліктің негізін құрайды, бірақ ол тек бұл әдісті (тікелей зорлық әдісі) мемлекеттің өзі қолданғанда ғана саяси билік ретінде көріне алады. Бұл ретте билікті әлеуметтік қатынастардың бүкіл жүйесінің ажырамас атрибуттық қасиеті ретінде талдау қажет.

Билікті мәжбүрлеу, зорлық көрсетумен тәндестьруге болады ма? Кейбір саяси жүйелерді талдау, олардың қоғам мұддесінің бүкіл жүйесін емес, тар өрісті немесе бір ғана топтың мұдделерін қорғауға негізделген. Қоғам биліктің бір қолда шоғырланғандығынан зардал шегеді. Мұндай билік азаматтардың еркіндігі мен құқықтарын мейлінше шектеумен, билікті асыра пайдаланумен, демократияның қағидаларын көзбояушылық ретінде пайдалану, бақылап болмайтын зомбылықтың шектен шығуымен сипатталып, ең соңында билікті озбырлықпен басып алуға әкеліп соқтырады. Мұндай билік ғұмырының ұзақ болмайтыны белгілі. Бұл ретте басқа бір шектен шығушылықтың пайда болуының себебі түсінікті болса керек: сөз биліктің кез келген жүйесін жоюға деген анархиялық ұмтылыстар жөнінде болып отыр.

Әрбір биліктің де базистік негізі болады. Оларға өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар, бөлініс пен айырбастау, сондай-ақ мұдделердің сипаты мен бүкіл жүйесі жатады.

Билік қатынастарының типологиясының негізінде адамның сан қырлы өмірлік іс-әректі жатыр. Мысалы, интелектуалдық (ресми атақтар мен лауазымдарға қараганда білім мен интелект шындығында адамдарға көбірек әсер етеді), психологиялық, моральдық

(адамгершілік жағынан ұstemдігі), биліктерді ажыратып көрсетуге болады. Бірақ адам өзіне ұқсағандармен ғана өзара әрекеттесіп қоймайды, сонымен бірге ол әлеуметтік қатынастардың күрделі орбитасына тартылған. Өндіріс пен бөлініс, ұйымдастыру, ақпараттық алмасу және т.б. жүйелер бір-бірімен өзара шырмаса байланыста болып, экономикалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық биліктің қызмет атқаруын қамтамасыз етеді. Осы факторлар іске қосылғанда ғана саяси билік жөнінде сөз қозғауға болады.

Кең мағынада билік дегеніміз қашандай әлдеқандай қатынас, яғни адамның адамға, өзіне, топқа, тапқа, қоғамға деген қатынасы, әлеуметтік топтардың арасындағы, мемлекеттердің арасындағы қатынас. Бұл қатынас саяси жүйені қурайтын негізгі фактор болып табылатын адамның іс-әрекетінің белгілі бір саласында жүзеге асады. Және адамның іс-әрекетінің өрістеуіне, оның еркін еңбек ете алуына, оның қабілеттерінің ашылуына неғұрлым көп жағдай жасалынса, билік жүйесі солғұрлым күштірек болады. Биліктің күші күшке емес, бұл оның әлсіздігі болар еді, ал қоғам мүшелерінің өзара әрекеттесуіне таянып басқара алуында көрінеді. Және, керісінше, адамның құнсыздануы әлеуметтік қатынастардың бүкіл жүйесінің (адамгершілік, эстетикалық, құқықтық, экономикалық, саяси және т.б.) құнсыздануының себебі болып табылады. Демократиялық институттардың құрылуы және экономикалық еркіндік экономикалық және әлеуметтік прогрессе себін тигізеді, делінген. 1991 жылы Европадагы экономикалық ынтымақтастық бойынша өткізілген Бонн Конференциясында [7, 112]. Шынында да жоғары дамыған индустріалдық державалар өздерінің демократиялық тұрақтылығымен сипатталады. Ол кешенді шаруашылықтардағы субъектілердің экономикалық мүдделерінің жүйесіндегі қайшылықтарды реттеуге жақсырақ бейімделген. Демократия меншік иелерінің құқығын қорғайды, ал бұл, өз кезегінде, инвесторларды қауіп-қатерден құтқарады, сایып келгенде экономикалық өсуге жөрдемдеседі. Сондықтан Батыстың дамыған елдерінің ақпараттық постиндустриалдық кезеңінің табыстары осынау экономикалық тұрақтылық пен демократияның одан әрі орынғымен анықталады деген пікір алға тартылуда. Сонымен бірге Ф. Фукуяма айтқандай, ең қарқынды экономикалық өсу демократиялық елдерде емес, капиталистік экономикалық жүйесі біршама орныққан авторитарлық мемлекеттерде байқалды (Тайланд, Сингапур, Тайвань, Оңтүстік Корея) [7, 21].

Әбушәріп С. С. Қожанұлының үлт және мемлекет туралы көзқарастары.

Әлбетте, постotalитарлық пен демократиялық қоғамның арасында мейлінше ұзақта саятын өтпелі кезең жатыр. Totalitarлық қоғамға мемлекеттің адамдардың жеке өміріне орынсыз араласуы, жоғарыдан тұрып саяси саланы ғана емес, сонымен бірге экономиканы да, бүкіл қоғамды да өзінің бақылауына алу үдерісі тән. Рас, мемлекет белгілі бір шекте жеке мұдделердің аясын шектеп отыруға міндettі. Бірақ totalitarлық қоғамда мұндай шектеулер шексіз сипат алады. Ал, демократиялық қоғам жеке мұдделерді мұлдем шектемейді деп ойлау қате болар еді. Мысалы, демократиялық жолмен өткізілген сайлаудың нәтижесінде Парламенттегі депутаттар кей-кейде этникалық азшылық топтың құқықтарын шектеуге бағытталған шешімдерді қабылдап жатады. Жеке мұдде саласына totalitarлық турде араласу мәжбүрлеудің айрықша шараларын қолдануды, атқарушы биліктің, репрессивтік органдардың, қабылданатын заң номаларының қоғамның барлық топтарының арасына таратылуын талап етеді. Бірақ мәжбүрлеу, зорлық-зомбылық көрсету бар жерде репрессивтік аппарат өзінің диктаторлық режимін орнатуға тырысады. Сондықтан да қандайда болмасын жетістіктерге қол жеркізілмесін, демократиялық диктатура мен демократиялық totalitarizm тұрақсыз саяси режимдер болып қала береді. Бұл, әрине қоғамдық күштердің биік санасы мен белсенділік таныта алуына немесе таныта алмауына да байланысты.

Демократия totalitarizmнің қарама-қарсы жағы болып табылады, өйткені Маркс Шупетер айтқандай, ол өкіметтің іс әрекетін шектеумен байланысты институт. Демократияның орынғуының шарты – басқалардың көзқарастарына төзімділік танытумен, олардың пікірлерінің, шаруашылық жүргізулерінің, бөлініс пен тұтынуларының түрлерінде плюрализмнің орын алуымен сабактас. Рас, totalitarлық шектеулерден құтылған қоғам шынайы демократиялық құрылымға бірден өте алмайды. Халықтың бәрі жиылыш келіп қоғамды басқара алмайды да. Мұның өзі физикалық түрғыдан мүмкін емес. Сондай-ақ кез келген азамат та билеуші бола алмайды. Бұтін басты үлт Премьер-министр немесе Маршал бола алмайды. Бүкіл халықтың басқаруы еш уақытта болмаған. Бұлай деп ойлау демагогиялық ұрандардан басқа ештене де емес [8, 231].

Саяси демократияға бірнеше жағдайлар керек. Солардың ішінде қоғамда, әсіресе элиталық қауым шеңберінде кең қанат жайған өзара түсіністік қана емес, бұқаралық сипатқа ие, мемлекеттен

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

экономикалық жағынан тәуелсіз орташа таптың, бұғанасты бекіген құқықтық мәдениеттің, келісім мен мәмілеге бейімділіктің мәні зор. Егер осының бәрі жоқ болса немесе жеткілікті дәрежеде дамымаса, демократияның әлеуметтік және институттылық негізі берік болмайды.

Демократиялануды академиялық жалпылама үгым емес, келешекті кемелдендірудің нақты саяси тәжірибесі ретінде қарастырган жөн. Демократияны жеделдетуге азаматтық қофамның жоқтығы мен әліздігі, оның мұрат-мұдделерінің, жүйелі құрылымдарының қалыптаспағандығы кедергі жасайды [9, 163-170].

Сонымен барша халайық қабылдауға тиіс демократиялық идеяның қағидаларының жүзеге асуы үшін ұзақтан-ұзақ өтпелі кезең керек. Мұндай кезеңде жасанды сипаттас демократиялық реформаларды жүргізу демократиялық диктатураның орнығына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Саяси жүйенің өміршендігі оның адамға бағытталуына байланысты. Қофам мен мемлекеттің, адам мен азаматтық қофамның өзара байланыстарының сипаты саяси биліктің мән-мазмұнын, құрылымын және атқаратын функцияларын анықтайды. Сондықтан да саяси режимнің сипаты мен мәніне саяси лидерлердің іс-әрекетіне, азаматтық қофамның дамытылуына, осынау мемлекет азаматтарының тұрмысы жағдайына қарап баға беруге болады. Өйткені, қоғамды оның азаматтарының елестетуге болмайды.

Ендігі жерде осынау мақалада С. Қожанұлының мемлекетшілікке негіз болатын факторлар туралы пайымдаулары сөз болады. Онда, өсіреле XX ғасырдың басында большевиктердің Орталық Азиядағы іс-әрекеттерінің салдары кеңінен көрсетілетін болады.

Мақаланың осы белгінде жер-территория, тіл, мәдениет, астана, мал шаруашылығы мен егіншілік, сондай-ақ білім беру жүйесі мемлекеттің іргетасы ретінде дәйектелінеді. Өсіреле, ұлттық мемлекет құрылмай, елдің және үкіметтің ісі онды шешілмейтіндігі Қожанов тарапынан атап өтілген.

C. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастарының философиялық-рухани негіздері

Қожанұлы мемлекетке негіз бола алатын мал шаруашылығы және диқаншылыққа көніл бөлгенді жөн көрді. Мұны да бір мемлекет болудың жолы деп қарастырды. Алайда, мемлекеттілікті қалыптастыру бағытында бұдан да маңызы бір кем емес фактор бар. Ол – мәдениет

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

саласы, ағарту ісі, үлттық кадрларды дайындау мәселесі. Біз мәдениет – тәуелсіздіктің тірегі, құралы, қорғаны болғандықтан, ол халық денесінің өзінен өсіп шығуы керек деген Қожанұлының пікірімен Қазақстанның қазіргі жағдайын сабактастыра қарастырамыз.

Қожанұлы мемлекеттің іргетасын құруда істі сайдың тасындай өзіне қарасты жұмысты мемлекеттік мұддемен ұштастыратын таза, адамгершілігі биік, үлтжанды азаматтарға сеніп тапсыруға болады дейді. Мұндай жандар Үлттық болсын, Мемлекеттік болсын, әрбір мәселені қазақтың тұрмысы, мәдениеті және дәстүрлеріне жанастыра іске асыру жағын ойлайды. Демек, осындай кадрлар бәрін шешеді. Міне, қазіргі уақыттағы ойланатын маңызды мәселе осы.

Алайда, мемлекеттілікті қалыптастыру бағытында бұдан да маңызы бір кем емес фактор бар. Ол – мәдениет саласы, ағарту ісі, үлттық кадрларды дайындау мәселесі. Мәдениет – тәуелсіздіктің тірегі, құралы, қорғаны болғандықтан, ол халық денесінің өзінен өсіп шығуы керек.

Демек, мемлекеттілік те, тіл де, мәдениет те халықтың өз денесінен өсіп шығуы керек деген тамаша идеяны да айтқан сол Қожанұлы. Ол, өсіресе тіл жөнінде байыпты әнгіме қозғаған: «Ата-ана, бауырластары далада көшіп жүрген, өзі қалада орыс мектебінде ... тәрбие алып, далада бір тынға аспайтын қылқима «интеллигенттер» қыргыз-қазақ жас буынына идеал емес. ...қала «интеллигенттері» күшімен ел іші мектебі тууы киын... Мәдениет кесегі ел ішінен қалансын». «Ұлт мәдениетінің ошағы – ұлт мектебі жоқ». Мектепті жүртқа жуықтатып-жақыннататын – оқыту тілі. «Қыргыз-қазақ халқының бір заманда қолы жетіп, бір жөнді мектептері бола қалса, олардың барлығында оқыту тілі – ана тілі болуы міндет...Қыргыз-қазақ еңбекшілерінің балалары тегіс әуелі ана тілі мектептерінде тәрбие алуды тиіс. Мезгілсіз жат тілге байланып, мың қате болып сорлағаны дұрыс емес. Білім – тілде емес, түсініктерде, тәрбие – орысша шүлдірде емес, жақсылыққа жаттығуда. Бұлар жас балаға ана тілінде оқытатын ұлт мектебінен табылады, - деп байлам жасаған. Қожанұлы мынадай мәліметті де келтіре кетеді: «...Перовскіде 1 орыс, 1 қазақ және 2 өзбек мектебі бар. Менің ойымша, Перовскіде өзбек көп деп ешкім айта алмаса керек, бірақ сонда да мектебі екеу. Ал қазақтарға арналған мектеп біреу-ақ. Міне, саясаттың сиқы осы!» [10, 334]. Салыстырып көрініз, қазіргі уақытта да қазағы қалың қоныстанған жердің өзінде қазақ мектебі 100 % өсіп-өркендеп жатыр деуге болады ма? Мысалы, 140-мындау тұрғыны бар Түркістанда орысты көрмейсіз,

бірақ Некрасов, Никитин атындағы орыс мектептері жұмыс істеуде. Бұған қоса № 15 аралас мектеп және бар. Ал Астанада қазақтар саны көбейді деп мақтанамыз, бұл қалада қазіргі уақытта орыс мектептерінде оқитын қазақ балалары 47% екен. Қазыбек Исаңың айтуынша, 2014 жылғы мәлімет бойынша, елімізде 2523 газет және журналдар бар, оның ішінде қазақ тілінде 500-дей ғана басылым шығады екен [11, 11]. Мәдениет пен ағарту майдандарындағы мұндай өрескел жөнсіздіктер мен жолсыздықтарға қашан тосқауыл қойылар екен.

Қожановтың «Оқу жұмыстары жүртшылықтың туы, жүртшылыққа құрал болуға тиіс», «Қазақ-қырғыздың ұлт мектебін жасауға кірісіндер!» секілді мақалалары бүгінгі қазаққа арналып жазылғандай, бұларға жедел жауап беруді талап еткендей.

Адам қай тілде оқып, білім алса, сол тілдің ыңғайына қарай тәрбиеленіп, қалыптасады. Орыс мектептерінде өтілетін пәндер бойынша мындаған ұфымдар мен терминдер, мысалдар мен сөз тіркестері, ассоциациялар мен насхаттар және т.б. – бәрі орысша қабылданатындықтан, балалардың ойлау жүйесі өзгеріске ұшырап, мұның этникалық педагогика мен тәрбиеге тигізетін әсері ұшан-теңіз екені айтпаса да түсінкті. Осыны біле-көре тұра қозғалмайтынымызға не жорық? Мәдениеттің тұп қазығы, жүртшылықтың, елдіктің тірегі, тәуелсіздіктің шын құралы мен қорғаны – ұлттық мектеп пен жоғары оқу орындары. Ж. Аймауытов былай деп айтқан екен: Ана тілін жақсы менгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына. Қазіргі «Тәуелсіз Қазақстандағы» шенеуніктердің осындағы түсінігі болса, балабақшадағы 2 жастағы балаға, мектептің 1-сыныбының оқушыларына ағылшын және орыс тілдерін қоса оқытуға құмартпас еді ғой. Ұлы философ Г. Гегель «білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» демеп пе еді? Ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің сөздеріне құлақ түрелік: «Тұған тіл – ақыл-ой дамуының негізі және барлық білімдердің қазынасы [12, 6].

Кез келген оқиға немесе құбыльсты түрік тілінде толық бейнелеуге болатынын, мемлекет, поэзия-әдебиет, ғылым тілі болған түрік тілдерінің байлығы мен қарымы таңқаларлық екендерін өз кезінде-ақ Қашқари мен Науай жазып кетті емес пе? Тіпті біздің көршілес славян, иран, индия елдерінің тілдеріне енген қаншама түрік сөздері бар десеңізші! Әмір Нәжиптің «XI-XV ғасырлардағы түркі

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

тілінің тарихы туралы зерттеуінде» XIV ғасырдың басында Үндістандағы Дели сұлтанатында Бадыр ад-дин Ыбырайым тарарапынан бірнеше тілдің түп-тамырын талдайтын парсы тілінің лұгаты жасалған. Мұнда түркі тілі де қамтылады. Шығарма – «Ауызекі лұгат, зерттелетін дүние» деп аталады. Бұл шығарманың қолжазбасы Таш МУ-дың қолжазба қорынан табылған. Оның лұгатындағы түрік сөздерінің көпшілігі бүгінгі қазақ сөзінен айырғысыз. Демек, Бабыр барғанға дейін де Үндістанда түркі тілі халықтар арасындағы қарым-қатынас тілі болған [13, 9-10]. Ал біздердің қазақтар арасындағы қарым-қатынас тілі рөлін қазақ тілі қашан атқарар екен деумен күніміз өтіп барады.

1990-шы жылдары жан сақтау, қарын мәселесінен жүрттың басы босамады, әрине. Ал қазір мектепті түзеу керекті істің ең керектісі. Ендігі жерде мұғалім мәртебесінің биіктегі түру керектігі жөнінде айтыла бастады. Бірақ, нәтиже күтілгеніндей емес. Мемлекеттің де, халық мәдениетінің де түп қазығы, жұрт тірегі, тіпті тәуелсіздіктің тағдыры да – мектеп пен тәлім-тәрбие ісін дұрыс жолға қоюға, ата дәстүріміздің сақталуына тікелей байланысты.

Тағы да Қожанұлының сөздеріне құлақ асайық. Ол ағарту ісін алға жылжытууды үлкен мақсат етіп қойған және оны мемлекеттік құрылымның негіздерінің бірі деп білген. Мұғалімдердің адамгершілігі, кескін-келбеті, ой-өрісі, педагогикалық біліктілігі мен этикасы қандай болуы керектігі жайында «Соқырдың тілегені – екі көзі» атты мақаласында таратып айтады. Халықтың салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, бір сөзben айтқанда тарихы мен тағдырын толық түсініп-түйсінетін, туған топырағынан кіндгі (генетикалық коды) ажырамаған жанғана айналасына сөүле-шұғыласын себе алады. Мұның мемлекет басшылары мен қызметкерлеріне де тікелей қатысы бар. Қожановша айтсақ, орысша сөйлеп, орысша ойлайтын, орыс мектебінде оқыған «қылқима» интеллигенттердің, қала интеллигенттерінің күшімен ел іші мектебі тузы қын, елді жөнді басқару да қын. Ол мәдениеттің кесегі ел ішінен қалансын, мемлекет кесегі ел ішінен жасалсын, ал қазіргі уақытта Ұлт мәдениет ошағы – дерлік ұлт мектебі жоқ, дейді. Бұдан мағлұм болды: елді қазақша екі ауыз сөзді құрап сөйлей алмағандар емес, ел тәрбиесін көргендер басқаруы тиіс деген қорытынды шығады.

Ал біздің қазіргі мектебіміздің сиқы қандай? Оларда ақылы жеке меншіктегі оқу орындарының сыртқы бөлімдерін бітіргендер сабак беруде. Балаларға білім беремін деген жан сол іске бар ғұмырын, күш-

қуатын арнаған болуы керек қой. Сондай жандарды таңдаپ алыш, орнына қойғандаға ғана оқушылардың обалына қалмас едік. Мектептерді кездейсоқ оқытушысымақ-кісілерден тазаламай тұрып, оқыту жүйесін орнықтыра алмаспсыз. Педагог дегеніміз үздіксіз ізденімпаз және адаптациялық қорындағанда ғана өз ісінің үдесінен шыға алмақ. Кітап оқудан қалған адам тоқырап қалып, ойлау жүйесі де тоқтап қалады емес пе? Қожанұлы жазғандай, «жүргізуң орнықты болуы, теңдіктің баянды болуы оқумен табылар». Патшалық Ресей кезіндегідей, оқу ісін тоқырату кейбір шенеуніктердің билігін және байлығын нығайту үшін керек. Өйткені, надандардға билік жүргізуден оңай нәрсе жоқ екендігін 20-30 жылдардағы жағдай көрсетті. Олардың ойынша, және кедейшілікті де құшайту керек, сонда жұрт күн көрісін ойлап жүре беретін болады. Міне, бөгдежүрттықтардың піфылы осынданай-тұғын.

Үлттық мұддені ұмыттырып, жүртты тізгінде ұстау үшін, әрине оны бостандыққа сүйенген, әділеттікті сақтап, адаптациялық келетін, азаттықтысүйгіш азаматтардан, әсіресе Мәмбет Қойгелдиев айтқандай, бастаушы тобынан айыру керек-тұғын. Өйткені, ол топ алдағы міндеттерді айқындаі алатын-ды. Сол кездегі Алаш интеллектуалдар қоғамы тегеурінді, білімді, пассионарлық-патриоттық ұстанымдары мығым европалық деңгейдегі буын еді. Өкінішке орай, алашордашылардан соң ондай буын Қазақстанда болған емес, қазіргі күнде де жоқ [14]. Мағжанның айтуынша, олар Алтын айға, яғни Азаттыққа қол созған үрпақ еді, деп Мағжан айтқан еді.

Қожанұлының ұстанымдары мен талап-тілектері тұрғысынан туындастын, қазіргі қазақ қоғамының кезек күттірмейтін келелі мәселелерінің кейбір тұстарын нақтылауға тиісті мұдделі топтар мен мемлекеттік қызметкерлердің назарын мыналарға аударсақ па еken деймін:

1. Орыс жаулап алушылары елімізге жалғыз саяси-колониалдық-социалистік ел билеу жүйесін ғана емес, оған қоса діни-идеологиялық, жазуын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, қысқасы өздерінің құндылықтарын, әмірлік стандарттарын ала келген еді. Соның зардаптары әлі күнге дейін жойылған жоқ. Мұның бәрін қоғамдық және отбасылық әмірдің барлық саласынан ығыстырып шығару ісі әлі күнге дейін пәрменді тұр мен көлемде қолға алынбай отыр.

2. Қазақтың басын қосатын тіл мен мәдениет мәселесі. Ол тереңдемей тұрғанда мәселе шұғыл шара ретінде қарастырылуы керек. Қазақты бір тудың астына жинау мәселесі де соған тікелей байланысты. Бұл керекті істің керектісі. Тіл мен мәдениет мәселесі сөз

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

болғанда оларды жай ғана қошеметтеумен шектелудің ешқандай оң нәтиже бермейтіні анық.

3. Ең бірінші әдепсіздікке қарсы күресу кезек күттірмейті мәселе ретінде қолға алынуы керек, өйткені барлық келенсіздік пен қылмыс осыдан туындал жатады.

4. Ауыл мәселесі ең бірінші орынға қойылуы керек. Барлық халықтың анасы – ауыл. Онда малдар жайылып, егін жайқалып тұrsa, мұның бәрі халықтың береке-құты емес пе? Ауыл қазақтың ұйтқысы, оны есі бар, дені сау адам киелі орынға бағалайды.

5. Өлеуметтік және ағартушылық салалардағы кемшіліктердің жойылуы үшін басшылар, педагогтар, зерттеуші ғалымдар қазақтың асыл қазынасынан нәр алып, сусындауы қажет, бабалар сөзінің 100 томдығы сияқты шығармаларды олар жастана оқысағой шіркін, біраз биікке көтеріліп қалар еді.

6. 2017 жылы Алаш қозғалысына 100 жыл толады. Барлық негізгі ісіміз бен әңгімеміз халықтың ұлттық санасының темірқазығы болған алап қайраткерлері идеяларының айналасында өрбітілуі керек. Солардан кезек күттірмейтін керекті істің керегі ретінде орындалуға тиіс бағдарлар табылады. Ендеше, оларды еске алу, мерейтойларын өткізу, құрмет тұту дегеніміз сол болмақ. Олар басын қатерге тігіп, кейінгі ұрпақтың тарарапынан ойланатын, іске асыратын жайттерді жіпке тізгендей етіп дәйектеп берді.

7. Оқу орындарында Алаштану арнайы курсын енгізу мақсатқа сай іс болмақ.

8 Мемлекеттік құрылымдар, іс-әрекеттер мен саясат – бәрі халықтың өз денесінен, оның тағдыры, бітім-болмысы және психологиясынан өсіп, айқындалса құба-құп іс болар еді, осы негіздегі білім мен өмірлік тәжірибемен қамтылып-қаруланған білікті жандар тиісті реформалар мен қоғамды модернизауциялаудың үдесінен шыға алады. Баршамыз осыны ұғынұымыз керек. Фабит Мұсірепов айтқандай, қазақтың қазақ бола алғанына жетерлік ештене де жоқ. Биліктің ең бірінші қасиетті міндеті – осынау қазақтың қазақ бола алуына қызмет ету.

9. Демек, қазақты біріктірудің идеясы қазіргі уақытта да басқаша сипат пен мәнде өзінің өміршенідігін, өзектілігін жоғалтпайды. Оны шешудің амалы жедел қолға алынбаса, ақырын болжау қыын. Бұл орында көптеген фактілер мен дәйектер келтіре аламыз: Осыған байланысты кезінде мәжіліс депутаты болып тұрғанда Ирак Елекеев қарсы шығып:

«Жыл сайын елімізде 300 мыңға жуық жасанды түсік жасалады еken. Бұл – 100 пайыз туу көрсеткішінің 80 пайызы деген сөз. Демек, жасанды түсікке тоқсауыл қоя отырып, ұлт басын көбейтуге болады», – деген еді. Себебі, Егемендік алған жылдан бастап 3 млн. бала жасынды түсік арқылы дүниеге келе алмапты. Сол жылдан бері 1 млн.-ға өстік деген болатын өткенде мәжіліс депутаты Тұрсынбек Өмірзақов. Бұл жөнінде өткен жылды салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары жөніндегі ұлттық орталықтың бас директоры Шолпан Қаржаубаева мынадай мәлімдеме жасаған болатын:

- Қазақстандық қыздардың 70 пайызы некеге дейін жыныстық қатынас жасайтын көрінеді. Ал 60 пайызы некесіз бала тудады. Олардың басым бөлігі студенттер еken. Республика бойынша жалпы алғанда жыл сайын мектеп оқушылары мен студенттердің арасынан 10 мың қызы дәрігерлердің көмегімен түсік тастайды. Бұл көрсеткіштің өзі олардың толық саны емес. 3 млн. аборт жасалынған, бұл 3 млн. бала өлтірілді деген сөз [15]. Некеге тұрғандардың 40 процентке жуығы ажырасып кетуде. Некесіз туылған балалар саны әжептәуір, әрбір босанған 5-ші әйелдің баласы некесіз туылған [16]. Баспасөз беттерінде («Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының арнағы мәлімдемесінде) Қазақстандағы «өз ана тілінде оқи алмайтын, жаза алмайтын қазақ халқының саны – 60%, ал мемлекеттік аппараттағылардың саны – 70 % деп көрсетілуде [17, 3] Жақында тіл жана шырлары бұлардың қазақша сөйлеуін талап етіп Елбасына үндеу жариялағаны белгілі. Олар талап етіп деп 22 жыл қазақша сөйлемеген жоғары деңгейдегі шенеуніктер бірден қазақша сайрап шыға келер ме еken? Қазақтардың 60%-і тілін білмейді, ал мемлекеттік аппараттағылардың 70 %-і қазақша сөйлей алмайды [17]. Бұл сүмдық қой.

Әлбетте, орыстілді қазақтар арасында қабілеттілері, 3-4 шетел тілдерін білетіндер (яғни «шустрый да быстрый=лар») аз емес. Бірақ та олардың арасынан жат қылыштарға бой алдырғандар да табылады, тіпті жетерлік. Мысалдар мен фактілерге жүргінейік: «Қазақстан телеарнасының» жүргізушісі Ләйле ханымның айтудынша, қазақтілділер Шығыстық фильмдерді, ал орыстілді «қазақтар» орыс-европа туындыларын көреді еken [18]. Өйткені, батыс өнері орыстілділердің болмысына келінкірейді, деп түйіндейді ол ойын. Мырзан Кенжебайдың жазуынша, «баспасөзге сенсек, қазір ұзын саны

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

1000-нан астам қазақстандық миллиардтап жеп шетелге қашып кетіпті. Солардың бір-екеуінен басқасы – түгел орыс мектебінде оқыған орыстілді қазақтар. Қазақтілді қазақ елден қашпайды. Олардың Отаны – Қазақстан. Орыстілділерде Отан болмайды. Осыдан қорытынды шығарған билік бар ма?...» [19, 5].

Азғындаған гомосексуалистер арасында қазақ ауылынан келгендер, жалпы қазақтілділер жоқ. Олардың бәрі – орыстілділер еken. Бұлардың саны, Еуразия арнасының таратқан хабарында айтылғандай, 240 000 еken, олардың Алматыда 26 тобы, Астанада 4 тобы жұмыс істеуде (Еуразия: 2014) [20]. «Сизан» қуыршақ театрының актрисасы Рабиға Алманованаң айтуынша, қазақ ертегілері мен азыздарының сарындары қойылымдарда пайдаланылмайды. Өйткені, тапсырыс берушілердің 75 пайызынан көбісі орыстілділер көрінеді. Міне, 20 жылдан артық уақыт ішінде кімнің де болса қол жеткізген табыстары осы (Алманова: 2014) [20]. Қазақстанда 42 000 жалғыз басты әке бар [21], 0,5 млн. наркотиктер бар [22].

Демек, тілдік-рухани бұзылудың тағы бір себебі – жүріс-тұрыстық, музикальдық, фильмдік т.б. агрессияшыл (қатыгез) модельдерді тарату арқылы санаға зорлық күльтін сіңіру. Кім бұларға тапсырыс береді? – Өздерінің үстемдігі мен артықшылықтарын сақтап қалуға тырысқан топ. Қазіргі уақытта террорияны басып алмастан-ақ табиғи ресурстарға иелік етуге болады (транснациональдық-ұлттық компаниялармен шарт жасасу арқылы) немесе халықты идеялық жағынан, ақыл-ойы мен жүргегін еліктіріп әкету арқылы ұлттық құндылықтардан қол үздіру жолымен-ақ шетжерліктер ресурстарымызды тегін қолына ала алады. Яғни дүниетанымдық, құндылықтық жағынан азғыннату арқылы тілден де бездіруге болады. Ұлттық мемлекет деп аталатын құрылымның басында тұрган жандарғана мұндай қасіреттің алдын алып, тиісті сақтық шараларын қолдана білетін болады. Олар қазақтың қазақ болуы үшін қызмет етіп, ұлттық мұддені негізгі мұрат деп біледі. Кезінде Е. Мұсірепов қазақтың қазақ бола алғанына жетерлік ешнәрсе жоқ деп білемін деп айтқан еді фой. Ал қазақтық дегеніміздің мәні адамгершілік, тазалық, имандылық. «Ол, Ж. Әбділдин айтқандай, сол халықты ұстап тұратын күш. Ол сақталмаса, қанша жерден ақылды болсан да, техникаң, құрылышың, әскери күшің мығым болса да, аяқ астынан құрисың» (Әбділдин: 2014) [23]. Міне, біздің баршамыздың құресіміз, ісіміз, ойымыз ең басты байлығымыз болып табылатын осынау қазақ болу жолына қаратылмағы ләзім. Қазақты қазақ ретінде тұтастыратын қазақи

құндылықтар болса, соларды орнықтыруға қарсы әрекеттенушілер қоғамның, халықтың, қазақтың қас дұшандары болып табылады. Сондықтан алдымен өз үйіміздің ішін тазалап, тазартып алған абзal.

Бұлар қуантарлық жағдай емес. Олай болса мұны түзетудің жолын кімдер тауып, атқара алады? Әрине, бұл бірінші кезекте халықтың ерік-жігерінің кепілі саналатын биліктің барлық эшелондарындағы жандардың қасиетті міндеті, перзенттік борышы. Және олардың азаматтық позициясына байланысты.

10. Байлар, олигархтар, дәулетті атқамінерлер, олардың басына бұл құндері дәулет қонып тұр. «Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан (қазіргі тілмен айтсақ: дүние-мұлік, доллар) қымбат демейді...Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, үғайын десе де, қолы тие ме?» [24, 97]. Шетел асып кеткен миллионерлер, шет елдерде қалып кеткен «болашақшылар» т.б. осылардың қатарынан орын алады. Жалпы олигарх-байлар мемлекеттік мұддені, халықтың жағдайын ойламайды. Оларды көбейте берудің қажеті жоқ.

Қожанұлы «Еңбекші қазақ» мақаласында соқыр еліктеу мен саналы үйренудің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты аңдатып, мемлекеттік құрылым, мәдениет, жүріс-тұрыстағы еліктеушіліктің жат құбылыс екенін ұқтырады. «Рухы төмен, жалтақ әрі осал халық, өзінен біреуді зор санағандықтан болса, әлгі күштінің мәдениетіне қарап, бой түзеуге талпынады. Бұл жас үрпақ арасында баз біреулер болмаса, көпшілігі дүбәра мәдениетті бойларына сіңіріп алған. Одан оларды тез арада арыла қояды деу де қисынсыз. Басқалардың өмірі бізден әлдекайда бөлек. Оларға жаққан нәрселер біздің халыққа жаға бермейді. Олардың көшірмесін жасау ұлттық мәдениетке көп зиянын тигізеді» [10, 5].

Сонымен, Қожанұлы еңбектерінде оның таным кеңістігі мен сол XX ғасырдың басындағы қазақ халқы тұрмысының жағдайлары сипатталынады. Оның дәстүрлі танымды бойына сіңіргендігін және сол заманындағы өзгерістердің лебін білдіреді. Ол қайраткер ғана емес, қазақтың жанашыр ғалымы да. Оның шығармалары қазақтың халық ретіндегі табиғаты мен тағдырынан туындаған дәстүргө негізделген. Жан-тәнімен қазақ қоғами ғимаратының қалай да дұрысырақ салынуын қалаған жан. Ол нағыз қазақтанушы еді. Хадис Шәріпте Фалымның сиясы Шаһидтің қанынан артық. Ал, шаһидқа жаннаттың есігі айқара ашылып, ол емін-еркін кіріп кете алады. Және Фалымның

Әбушәріп С. С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы қөзқарастары.

ұйқысы наданның өмірінен абзal. Соңдай-ақ, Фалымның ұйқысы жаһилдің гибадатынан (намазы, оразасы, қажылығы) артық делінген. Ендеше, оның туган күнін жыл сайын атап өтсек те артықшылық етпейді.

Мақала басында Қожанов мемлекетшілігінің негіздерін бірме-біr санамалап көрсеткен едік, келесі мақала-монографиямызда олардың әрқайсысына жеке тоқталыш, нақты тарихи дәйектер келтіріш, кеңінен таратыш айта алармыз. Олардың әрқайсысы жеке желі етіп қарастыруға сұраныш-ақ түр.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев. *Жұз жылға татыған он жыл*. Алматы: Атамұра, 2007, 7-б.
2. Шабров О.Ф. *Политическая система: структура типология, устойчивость*. – М.; Луч, 1993. – С. 3.
3. *Политическая система* // Советский энциклопедический словарь. – М.; Советская энциклопедия, 1981. – С.1041.
4. Маркс К., Энгельс Ф. *Соч.* – Т. 4. – С. 491.
5. <http://derzava.com>. Арзамасцева И.В. 21.02.2008.
6. *Большая Советская энциклопедия*. – М., Советская энциклопедия, 1971. Т.2.
7. Бовин А.Е. *Политика*. // Философский энциклопедический словарь. С. 491.
8. Кидмор М.Д., Трипп М.К. *Американская система государственного управления*. М., Квадрат, 1993. С. 23
9. Назарбаев Н.Ә. *Ғасырлар тоғызында*. – Алматы, Өнер, 1996. – 169.
10. Сұлтанбек Қожанов. *Шығармалары* (Курастырған проф. А.Шәріп). – Алматы: Арыс баспасы, 2009. –10 бет.
11. Қазыбек Иса. *Что еще можно сделать, если не писать открытые письма?* // Қазақ үні, № 19 (677), 12 мамыр, 2015, 11-бет.
12. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. *Қазақ тілі*, 2-басылымы, өндөлген. – Алматы: Атамұра, 2005, 6 бет.
13. *Бабырнама*. Алматы: Жалын баспасы, 1990, 445 бет.
14. М. Қойгелдиев. *Көзқарас* // «Хабар» арнасы, 14.01.2015.
15. *Next: Жостарланбаған бала немесе бейкүнә сәбиді елтіру*. www.namys.kz Үрпақ тәрбиесі. 4 февр. 2014 г. - Сәрсенбі күні «Қазақстан» ұлттық арнасынан тікелей эфирдегі «Әйел бақыты»...
16. Әсел Акбарова // «Хабар» арнасы, 03.12.2014.
17. *Мемлекеттік тілдің мұндылық халі* («Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының арнайы мәлімдемесі) // Жас Алаш, № 68, 29 тамыз 2013, бет 3.
18. Қазақстан телеарнасы. «Сұхбат». Теледидар. 06.11.2013.
19. Мырзан Кенжебай. *Халмуратов болмаса қайтер едік?!* – «Жас Алаш», 7 қараша, 2013, 5 бет.
20. Алманова Р. // Еуразия телеарнасы. Жаңалықтар. 15.01.2014.
21. Қазақстан телеарнасы // Айтұға оңай, 14.01.2015.
22. Вера Захарчук // 24 KZ 30.09.2014, кешкі 19 сағат.
23. Әбділдин. Ж. // Сұхбат. Қазақстан телеарнасы. 12.01. 2014.
24. Абай. *Шығармаларының екі томдық томық жинағы*. Өлеңдер мен аудармалар. Пәннелер. Қара сездер. II том. – Алматы: Жазушы, 2002, 97-бет.